



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

14 қазан
сенбі

№81 (1988)

2023 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

САПАР

Жұмыстың жүйелісі Сыр елінде

Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт Тоқаев
Сыр еліне жұмыс
сапармен келді. Аймаққа
арнайы келген Қазақстан
Президенті Сырдария
ауданына қарасты Нағи
Ілиясов ауылы мен
облыс орталығында
салынып жатқан бірқатар
нысандарды аралады.

Сапар барысында Мемлекет басшысы алдымен Нағи Ілиясов ауылына ат басын бұрды. Мұнда Президент «Абзал және К» шаруашылығының демеушілігімен салынған ауылдың орталық алаңын көрді. Сонымен бірге ондағы спорт кешенін аралады. Аталған кешенде ауыл тұрғындарының футбол, волейбол, үстел теннисі және күрес сынды спорт түрлерімен айналысуына мүмкіндік жасалған. Мемлекет басшысы спорт кешенінде ауыл балаларының үстел теннисі ойынын тамашалап, олардан мықты спортшы шығатынына сенім білдірді.

– Спортпен шұғылдану керек. Әсіресе, өздеріңіз сияқты жастарымыздың дені сау, мықты азамат болып



өсуі қажет. Себебі Қазақстанның болашағы – сіздердің қолдарыңызда. Жастардың дені сау болса, мемлекет те қуатты болады. Сыр елінен мықты спортшылар шыққан. Әлі де көптеген чемпион шығады деп сенемін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.


Мұнан соң ел Президенті «Абзал және К» кәсіпорнының жұмысымен танысты. Кәсіпорында атқарылған жұмыстарды Қазақстанның Еңбек Ері, «Абзал және К» толық серіктестігінің негізін қалаушы Абзал Ералиев таныстырып, кәсіпорынның

аймақта ауыл шаруашылығы саласындағы жетекші мекемеге айналғанын, сондай-ақ өнімді еңбектің арқасында туған өлкенің дамуына тұрақты қолдау көрсетіп жүргенін жеткізді.

2 БЕТТЕ

Аймақтың ғана емес, республиканың медиакеңістігінде өзіндік орны бар БАҚ-тың бірі – «QYZYLORDA» телеарнасы. Бүгінде үзіліссіз 14 сағат бойы жұмыс істейтін, қос тілде бірдей ақпарат тарататын медиақұрылым қай жағынан алса да өмірлік телеарналар ішінде алдыңғы қатарда екені көпке аян. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен актив отырысында әріптестері «QYZYLORDA» телеарнасының директоры, ҚР Ақпарат саласының үздігі, Жағыппар Қарабаланы зейнетке шығарып салды.

ТЕЛЕАРНАДА ЖАҢА БАСШЫ



Келелі жиында облыс басшысы Жағыппар Аманжолұлын құттықтап, Сыр елінің телевизия саласына қосқан сүбелі үлесі үшін алғыс білдірді. – Құрметті Жағыппар Аманжолұлы, сіз басшылық жасаған жылдар ішінде облыстық телеарна бәсекеге қабілетті, қаржылық жағдайы тұрақты, телевизиядағы соңғы тенденцияларды бағыт менгерген арналар санатына қосылды. 2005 жылы небәрі 8 сағат эфирге шыққан телеарна бүгінде тәулігіне 14,5 сағат үзіліссіз хабар таратады. Жағыппар Аманжолұлы, сіз білікті мамандар тәрбиелеп шығарған мықты ұстазсыз. Телеарна қабырғасынан түлеген Дана Рысмұхамедова, Ғалымжан Бәйімбет, Құрманәлі Қалмахан, Бағдат Әбдікожаева, Нұрбек Әмиша, Рауан Мыңбаев секілді 50-ден астам журналист пен телеоператор шетелдерден жаңалық таратып, республиканың беделді БАҚ-тарында абыройлы қызмет етуде. Сіздің шәкірттеріңіз тек БАҚ саласында емес «Сыр жұлдыздары», «Таншолпан» тележобалары арқылы бүгінде халықтың сүйікті әншісіне айналған жұлдыздардың өнердегі тұсауын да өзіңіз кестіңіз. Қазіргі қазақ эстрадасының көрнекті өкілдері Гүлнұр Оразымбетова, Мәдина Сәдуақасова, Өмірқұл Айниязов, Бибігүл Жанұзақ, Алмас Кішкенбаев және өзге де өнер жұлдыздары – сіздің продюсерлік қызметіңіздің жемісі, – деді облыс әкімі

Сыр бойындағы руханият саласының дамуына қосқан ерекше үлесі үшін Жағыппар Аманжолұлына Қызылорда облысының «Құрмет» грамотасы табысталды.

Жиында Астанадан арнайы келген «Qazaqstan» республикалық телерадио-

корпорациясы басқарма төрайымының орынбасары Азамат Кеңесұлы Жағыппар Қарабаланы марапаттап, телеарнаның жаңа директорын таныстырды.

«Qyzylorda» телеарнасының басшылығына «Болашақ» бағдарламасының түлегі, осыған дейін ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің баспасөз қызметін басқарған Нұрбек Әмиша тағайындалды.

Нұрбек Шынтемірұлы Сыр жұртшылығына, әсіресе журналистеріне жақсы таныс. Еңбек жолында «Халық», «Сыр бойы», «Айқын» газеттерінде тілші, «Қазақстан-Қызылорда» телеарнасында редактор, «Qazaqstan» ұлттық телеарнасында сарапшы, «Хабар» телеарнасында бас редактор, «Bilim Media Group» компаниясы және Ұлттық аударма бюросында әдеби редактор қызметтерін атқарды. «Болашақ» Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ баспасөз хатшылығының басшысы, «Сан-Ай пресс» ЖШС-да бас директорын орынбасары, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің баспасөз хатшысы болып еңбек етті.

Іс-шара соңында акын, журналист, «Қызылорда» қоғамдық телерадиокомпаниясының құрылтайшысы Шәкizada Әбдікерімов, Қазақстан Журналистер одағы облыстық филиалының төрағасы, «Сыр медиа» ЖШС бас директоры Аманжол Оңғарбаев, ардагер-журналист Айтқұл Шалғынбаева Жағыппар Аманжолұлын құрметті демалысқа шығуымен құттықтап, телеарнаның жаңа директорына сәттілік тіледі.

«Ақмешіт-ақпарат»

Автопарк 50 автобуспен толықты

Қызылорда облысының 85 жылдық мерейтойы қарсаңында халық сұранысын өтеу мақсатында бас шаһарға 50 автобус әкелді. Салтанатты шарада облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жаңа автобустардың кілтін табыстады.



– Жаңа автобустар өткен жылы келген автобустан сыйымдылығы үлкен. Заман талабына сай керекті жабдықпен қамтылған. Мүмкіндігі шектеулі жандар үшін жағдай жасалған. Салқындатқыш құрылғысы бар. Жолаушылар көлігі халық сұранысына сай бағыттарға қосылатын болады. Осы жылдың аяғына дейін тағы 100 автобус ел игілігіне берілмек, – деді облыс әкімі.

Айта кету керек, «Қызылорда» автобус паркі» ЖШС-на қарасты үлкен сыйымдылықтағы автобустарда мүмкіндігі шектеулі жандарға, ересектер мен оқушылар үшін QR-кітап оқуға қолайлы жағдай жасалған. Ал автобустардың келуін «2ГИС» және «ЯНДЕКС GO» ұялы қосымшасы арқылы бақылауға мүмкіндік бар.

– Аймақ басшысының қолдауымен қалаішілік бағыттар халыққа қолайлы қоғамдық көлікпен толығуда. 2022 жылы серіктестік 5 бағыт бойынша қызмет көрсеткен. Бүгінде жолаушыларды 19 бағыт бойынша тасымалдау қолға алынды. Автобустар халық сұранысына сәйкес бағытқа қосылатын болады. Серіктестіктің стратегиялық жоспары – қала ішілік 34 бағытты толықтай үлкен сыйымдылықтағы автобустармен қамту, – деді «Қызылорда» автобус паркі» ЖШС директоры Мақсат Жүсіп.

Бүгінде серіктестік №1, 3, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 22, 25, 28, 29, 30, 31 қалаішілік бағыттары мен «Ягодка», «ПМК-29» саяжайынан жолаушылар тасымалдауда.

Г. АСҚАРҚЫЗЫ

Жазушылар одағының іргетасы Қызылордада қаланған



Алты алашқа астана атанған туған өлкеміз талай тарихи сәтке куә болды. Терең тарих қатпарларына үнілсек, Қазақстан Жазушылар одағының алғаш ұйымдасуы Қызылорда қаласында Қазақстанның пролетариат жазушыларының қауымдастығы болып құрылған кезден бастау алады. Алғашқы одақ ұйымдастыру бюросы болып құрылып, құрамында қазақтың маңдайалды жазушылары Сәкен Сейфуллин мен Бейімбет Майлин болды.

4 БЕТТЕ



«ХАМАС»: Таяу Шығыстағы тартыс

Таяу Шығыстың тынштығын сәті болар ма екен?! Бір-бірін жұлмалап, саяси мүдде айдауымен босып, барды ұқсата алмай келе жатқанына жарты ғасырдан асты. Бәледей жабысқан «сыртқы экспансия қарғысынан» енді құтыла бергенде төңкерістен көз ашпаған. «Араб көктемінің» салқыны, содырлардың ланы, өркениеттен кешеуілдеген тұрмыс тауқыметін сезіп-ақ тұр. Енді, міне, аядай жердегі Газа секторы мен Израиль арасындағы қақтығыс тағы өңір берекеcін алды. Бұл жолғы тартысқа діни фактордың әсері болғандықтан объективті ақпар беру аса қиын. Әсіресе, қазақ қоғамына...



Неліктен қиын? Себебі бар. Қазақ жерінде ғасырлар бойы жүрген исламизация үрдісі, оған қоса соңғы жылдары белең алған діни комьюнитидің көбеюі аталған тақырыпқа бейтарап қарауға мұрша бермей келеді. Мәселен, қатардағы көп қазақтың Украина-Ресей соғысына көзқарасы біржақты. Ресей – басқыншы, Украина – құрбан. Ал осы бөліністі Израиль мен Палестина қақтығысына қолдансақ, қоғам пікірі кереғар. Қорғанған Израиль – озбыр, шабуылдаған «Хамас» – азаттық жаршысы.

Неге бұлай? Мәселе идеология мен ұранда жатыр. Әлемдік спорттық дола, өнер фестивальдеріне көз салсақ, танымал тұлғалардың Палестинаның туын желбіретіп, «Free Palestine!»/«Азат Палестина!» ұранын қайталағанын көп көреміз. Мұндай идеологиялық құралдың тарауы мұсылмандар арасында Израильге қарсы көзқарас қалыптастыруға үндеп, Газа секторындағы қарулы топқа жәрдемді мензейді. Сондықтан болар, қазақ қоғамындағы көп жас Израильді қаралауға бейім.

Оқиғаны бұлай тарқатуымыз тегін емес. Себебі Ирак пен Сириядағы секілді теріс пиғылдың діни ағымдар дәл осы идеологиялық құралды пайдаланған. Ақпарат көздері мен миссионерлер арқылы «зәбір көрген мұсылмандар», «жәпірлер қанап жатыр» деген аяныш туғызып, қатарын толықтыруда. Салдарынан сасық пиғылға арбалып, сан соғып талай адасқақты оралды. Сондықтан тіні нәзік тақырыпты жіктеуде қоғамға әсерін аңдау арқылы елдік ұстаным аражігін ажыратып алғымыз келді. Өзірге ұстаным жалқы. Тәуелсіз елге басып кіру – қашанда қылмыс.

«Қиямет соғысының» салдары

Мағынасы ауыр бұл соғыстың ел білетін тағы бір атауы – «қазан қақтығысы» немесе араб-израиль жанжалы. Екінші дүниежүзілік соғыстан соң еврейлер Жерорта теңізінен көктей өтіп, Таяу Шығысқа бет алды. Алғашында фашизмнен бас сауғалау үшін келгенін айтса, кейін киелі мекен Құдысқа (Иерусалим. -авт.) қоныс тебу ойда барын аңғартқан. Оның үстіне еуропалық сионистердің демеуімен Израиль мемлекетін құрған олар Палестина жеріне біржола орнығуды көздейді. Уақыт өте дәулетті еврейлер тұрғылықты халықтың Құдыс маңы мен жақын аймақтағы жерді сатып алу арқылы мекенін кеңейткені тағы бар. Осылайша, Палестинаның біршама бөлігі қарусыз-ақ еврейлердің қолына өтті.

Дегенмен мұндай оқиға ауаны араб елдеріне ұнамады. О баста «жөйтерге» жаңы қас арабтар олардың тәуелсіз ел болып, тіпті туған жеріне келіп қоныс тепкеніне қарсылық білдірді. Қарсылық білдіріп қоймай, ортақ жауға қарсы күш біріктірген. 1973 жылы Сирия, Египет, Ливан, Ирак және Трансиордания мемлекеттері Израильге соғыс ашты. Әрине, қарулы текетірес АҚШ-тың болысуымен Израильдің пайдасына шешіліп, арабтар жеңіліс тапты. Ол аз болғандай, Палестинаның басым бөлігі Израильге өтіп, жергілікті халық босқынға айналды. Байқасақ, «Қиямет соғысы» деген атаумен тарихта қалған қақтығыс салдарынан палестиналық босқындар мәселесі бүгінге дейін толастамай келеді. Қазіргі таңда аядай Газа секторына ығыстырылған босқындар саны 4 миллионға жуық.

4 БЕТТЕ



ақ «Dalatex» компаниясының текстиль бұйымдары мен «Өркен Әлем» ЖШС шығаратын жеке қорғаныс құралдары да Президент назарына ұсынылды.

Өндіріс орындарының өнімімен танысқан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кәсіпкерлерге шағын және орта бизнесті өркендету үшін мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау көрсетілетінін айтты.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайына да тоқталды. Бұл бағытта аймақта өсім байқалады. Әсіресе өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, құрылыс, тұрғын үйлер салу, сауда саттық саласында көрсеткіш жоғары. Бұдан бөлек бүгінде құрылысы жүргізіліп жатқан бірқатар әлеуметтік нысанның, алда бой көтеретін құрылыс ғимараттары жөнінде де айтылды. Сонымен бірге негізгі капиталға құйылған инвестиция көлемін биыл 472 миллиард теңгеге жеткізу жоспарланып отырғандығын жеткізді.

Аймақтың әлеуетін арттыруда жергілікті кәсіпкерлердің үлкен қолдау көрсетіп жатқандығы да кездесу барысында сөз болды.

– Әлеуметтік нысандар салу, демалыс саябақтарын, ойын-спорт алаңдарын, үйлердің қасбеттерін жаңарту, аулаларды абаттандыру жұмыстары демеушілердің көмегімен жүзеге асырылып келеді, – деді облыс әкімі.

АГРАРЛЫҚ САЛА МАМАНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Жылына 30 мың тонна күріш ақтайтын зауыт жұмысымен кәсіпорын басшысы Сағидулла Сыздықов таныстырды. Оның айтуынша, өнімнің басым бөлігі ішкі нарыққа шығарылады. Дегенмен көршілес елдерге де экспортталады.

Кәсіпорында Мемлекет басшысы облыста ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің өнімі көрмесін тамашалады. Көрмеге күріш өсірумен айналысатын ірі кәсіпорындардың тауар түрлері, сондай-ақ ет, сүт, кондитер және балық өнімдері, көкөністер мен жемістер қойылды. Өз кезегінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев сырбойылық дикандар мен шаруалардың жұмысына табыс тіледі. Бұған қоса оларға тек күріш өсірумен шектелмей

Жұмыстың жүйелісі Сыр елінде

Мемлекет басшысының Нағи Ілиясов ауылына сапары былтыр ашылған «Еңбек аллеясында» еңбек адамдарымен жүздесумен жалғасты. Кездесуде Президент облыстың дамуына баса мән беретінін ерекше атап өтіп, қазіргідей күрделі геосаяси кезеңде еліміздің өркендеуі жолында ауызбірлікпен еңбек етуге шақырды.

– Шын мәнінде, еңбек адамдары – халқымыз үшін ең қажет азаматтар. Ең алдымен, біз еңбек адамдарына құрмет көрсетуіміз керек. Сіздер осы ақ күріштің атасы – Ыбырай Жақаевтың жолын жалғап жүрісіздер. Сондықтан мен сіздерді қолдаймын, – деді Президент.

Өз кезегінде дикандар қауымы да Президентпен тілдесіп, көкейдегі ойларын жеткізді. Сонымен қатар ауыл шаруашылығының дамуына айрықша мән беріп, мемлекет тарапынан қолдау шараларын көбейткені үшін алғыс білдірді. Әсіресе Су ресурстары министрлігін құру жөніндегі жаңалықты сырбойылық дикандардың қуана қабылдағанын жеткізді. Бұдан бөлек тұрғындар ауылда жастарға жайлы жағдай жасалғанын, жас мамандардың ел ішінде қызу еңбек етіп жатқанын атап өтті.

– Ауылда жастардың жұмыс істеуіне, өмір сүруіне қолайлы жағдай жасалған. Осындай ауылдарды көбейтуіміз керек. Оған шамамыз да, қаражатымыз да жетеді. Кәсіпкерлермен кездескенімде елді мекендерге қаржы салып, көмектесу керек деп үнемі айтып келемін. Нағи Ілиясов басқа ауылдарға да үлгі болуы қажет. Сондықтан өзге облыстар да ауылдарды осылай дамытады деп ойлаймын, – деді Мемлекет басшысы.

Еңбек адамдарымен кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев жастарымыздың еңбеккор, ұқыпты, отансүйгіш болуы керек екенін және оларға әрқашан қолдау көрсетілетінін айтты.

ҚАЛА ҚАҚПАДАН БАСТАЛАДЫ

Нағи Ілиясов ауылынан кейінгі сапар облыс орталығында жалғасып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жаңадан салынып жатқан «Қорқыт ата» әуежайы жаңа терминалының құрылысымен танысты. Жобалық құны 20 миллиард теңгені құрайтын әуежай «Болат Өтемұратов қоры» демеушілігімен жүзеге асырылуда. Дегенмен жаңа нысанның сыртқы инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын жүргізу үшін жергілікті бюджеттен 4,3 миллиард теңге қаржы бөлінген. Облыс әкімі заманауи үлгідегі әуежайдың кейін мемлекет меншігіне өткізілетіндігін, сонымен бірге жолаушыларға халықаралық стандартқа сай қызмет көрсетілетінін атап өтті. Сондай-ақ нысанның келер жылы пайдалануға берілетінін, жолаушылар тасымалы сағатына 250 адамға дейін қызмет көрсететінін, түрлі бағытта ұшатын әуе рейстерінің саны артатынын жеткізді.

Мемлекет басшысына бұдан бөлек заманауи үлгідегі автобекеттің жыл аяғында ел игілігіне берілетіні және теміржол вокзалына да қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатқандығы айтылды.

Сонымен қатар облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Шетелдік инвестиция есебінен салынып жатқан жаңа ЖЭО туралы айтты. Өткен жылы Энергетика министрлігі түркиялық «Aksa Enerji Uretim AS» компаниясымен Қызылорда қаласында жаңа бу-газ қондырғысын орнату жөнінде келісімшартқа қол қойған еді. Құны 215 миллиард теңгеге болжанған жоба жүзеге асқанда 240МВт электр және сағатына 277 жылу қуатын өндіруге мүмкіндік алады. 2025 жылдың соңына дейін пайдалануға беріледі деп жоспарланған жылу электр орталығы қаланың жылу және электр қажеттілігін толық қамтамасыз етіп, артылған электр энергиясын басқа өңірлерге сатуға мүмкіндік бермек.

Басы 1-бетте



Жоба барысымен танысқан Мемлекет басшысы еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін күшейту тұрғысынан бұл жобаның маңызды екенін атап өтті. Сонымен бірге Үкімет пен облыс әкімдігіне жылу электр орталығын белгіленген мерзімде пайдалануға беруді тапсырды.

ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫ ӨЗІМІЗДЕ ӨНДІРІЛЕДІ

Мемлекет басшысы биыл іске қосылған темірбетон бұйымдарын шығаратын зауытқа да барды. Жалпы құны 2,6 миллиард теңге болатын жобаны «Құрылыс-көлік компаниясы» ЖШС іске қосқан. Өндіріс орнында күніне 200 текше метр темірбетон бұйымдары шығарылады.

Сапар барысында Мемлекет басшысына аймақтағы кәсіпорындардан шығатын басқа да өнім түрлері таныстырылды. Олардың басым бөлігі құрылысқа қажетті өнімдер. Оның ішінде «OrdaGlass» ЖШС шыны зауыты, «КНК Кемикал» ЖШС пвх құбырлары мен фитингтер, «NP-Consalting» ЖШС қорғаныш каскалар, «Вега-Пром» ЖШС плитка желімдері мен сәндік сылақтар, «Садуақасов Ж.А» ЖК жол және тротуар бордюрлерін, құм-керамзит блоктар, «Shalkiya Dolomite Operating» ЖШС қиыршық тастың әртүрлі фракцияларын, «Комфорт KZ» ЖШС терезелер мен айналар, «Орда строй маркет» ЖШС эк, «Мелиоратор» ЖШС кірпіш өнімі өндірісі таныстырылды. Сондай-



Аталған орталықты ашудағы басты мақсат – ұлттық құндылықтарды ұрпаққа мирас етіп қалдыру, дәстүрлі мәдениетті жаңғырту, әйелдер еңбегін дәріптеу. Сонымен бірге қыз-келіншектер мен аналарды өмірге, тұрмысқа бейімдеу де көзделген.

Мемлекет басшысы орталық жастарға тәлім-тәрбие беруде маңызды рөл атқаратынын ерекше атап өтті.

– Расында, бұл жұмыс өте маңызды. Жастарымыздың арасында ұлттық салт-дәстүрімізді, болмысымызды, тілімізді, ділімізді насихаттауымыз керек. Әйтпесе, дүниежүзінде болып жатқан теріс үрдістерді бәріміз көріп отырмыз. Ондай жағымсыз үрдістер елімізде де бар. Біз олармен күресіп, өзіміздің ұлттық көз-қарасымызды дәріптеуіміз қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сыр өңіріне арнайы жұмыс сапарымен келген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осылайша аймақтың әлеуметтік-экономикалық ахуалымен танысып, даму деңгейін бағамдады.

Әзірлеген **Айдана СЕЙІЛ**
Суреттер «akorda.kz»-тен алынды



Дәл қазір Қызылорда қаласында жалғыз өнер мектебі бар. Ұстаздары да білікті, шәкірттерінің де алған асуы аз емес. Ғимараты ескі демесеніз, мұнда талантты, болашағынан үміт күттірер балалар баршылық. Орайы келгенде қаладағы өнер мектебінің директоры Қайрат Жәлімбетовпен сұхбаттасқан едік.

Қайрат ЖӘЛІМБЕТОВ, өнер мектебінің директоры:

ӨНЕРДІҢ ДЕ ӘЛІППЕСІ БАР

– Сұхбатымызды өнер мектебінің жұмысынан бастасак...
– Жетпіс бес жылдық тарихы бар өнер мектебі 1948 жылы құрылған. Сол кезде балалар әуез мектебі музыка мектебі болып құрылып, бүгінгі күнге дейін жұмыс істеп жатыр. 1997 жылы онтайландыру кезінде қаладағы музыка мектебі қысқарып, осы жалғыз мектеп болып қалды. Ондағы мұғалімдер мен оқушылар бізге қосылды.
Мекеме казыналық кәсіпорын болғандықтан бұрыннан қалыптасқандай өнер мектебінде оқитын балалар жарнапұл төлейді. Сол жарнапұл балалардың қабілетін шыңдауға, аспаптар алуға жұмсалады. Оған қоса ұстаздардың айлығы бар.
– Жалпы өнер мектебінің балалар алдындағы басты мақсаты қандай?
– Мектептің басты мақсаты – балаларға өнерді таныстыру. Өнер арқылы олардың мінезін, айналасына көзқарасын өзгерту. Жалпы жүрегінде музыкасы, әуені бар адам жаман болмайды. Оның көзқарасы бөлек, жүрегі жұмсақ болып келеді. Өнер мектебі бұл – кәсіби бірінші баспалдақ.



Өнер жолын таңдайтын бала болса, оған ең бірінші кәсіби бағдар беретін, жол көрсететін өнер мектебі. Біздің мектептен бітірген балалар Қазанғап атындағы музыка колледжіне немесе басқа қаладағы колледждерге және жоғары оқу орындарына бірден тапсыра алады. Өйткені біз кішкентайынан нотасын, музыканың қыр-сырын үйретеміз. Сондықтан бұл балалардың музыкаға деген бірінші кәсіби баспалдағы деуге болады.

– Өнер мектебіне қанша жастан бастап қабылдайсыздар?
– Биге 6-7 жастан бастап аламыз. Себебі 8 жаста баланың сүйегі қатады. Осы жерде 4 жыл оқып, біз өнерінің қыр-сырын үйренеді. Жалпы би сабағынан 4 пән өтеді. Яғни халықтық, классикалық, ұлттық және заманауи 4 бағыт бойынша дәріс алады.

Сурет өнері де осыған ұқсас. Тек икемі бар балалар келеді. Әрине, оған шектеу жоқ. Дегенмен физиологиялық тұрғыда толық дамыған баланың келгені жақсы. Өйткені суретшілердің ой-өрісі бөлек болады. Олар сурет арқылы өз ойын, жан дүниесіндегіні жеткізеді.

– Өнердің қыр-сырын үйренуге келген балалар неше жыл оқиды?
– Қазіргі таңда бізде халық аспаптық бөлім бар. Оның ішінде домбыра, баян мен шертер және күйсандық пен скрипка бар. Жалпы аспаптарды 5 жыл, күй сандық пен скрипканы 7 жыл оқыса, біз өнерімен сурет салуды 4 жыл оқиды. Әр жылы сыныптан-сыныпқа көшіп, емтихан арқылы осы мектепті тәмамдайды.

– Оқушыларды еңбекке баулып, сахнаға шығуды үйретіп, таланттарды шыңдап жүрген ұстаздардың еңбегін айта кетсеңіз. Қанша мұғалім бар?..

– Әрбір ұстаздың мақсаты – балаларды өнерге баулу, сахнаға шығару. Сондықтан біздегі мұғалімдерді бөліп жармаймын, барлығы жоғары деңгейдегі ұстаздар. Олардың арасында бір орында 35-36 жыл жұмыс істеп келе жатқандар бар. Кейін келіп жатқан жас мұғалімдер осы ұстаздардың ізімен келе жатыр. Барлығы зейнетке шыққанға дейін жүреді. Шамамен бізде 40 - қа жуық мұғалім бар. Олар балаларды өнерге баулып, түрлі халықаралық, республикалық және облыстық байқауларға қатысып, жетістікке жетуге үлес қосуда.

Бір қиыны, тек бұл өнер ордасы қаладағы жалғыз мектеп болып қалып тұр. Бірақ жан-жақта өнерге сұраныс көп болғандықтан, аймағымызда осыған ерекше көңіл бөліп жатыр. Мысалы, Тұрмағанбет оркестрі мен камералық оркестр және аймақ басшысының қолдауымен симфониялық оркестр құрылды. Қазіргі сол құрылған оркестрлерде ойнайтын өнерпаздардың барлығы да осы музыка әуез мектептері мен өнер мектептерінен бастау алу керек деп ойлаймын. Шындығына келсек, оларды дайындайтын біз. Қазір классикалық жағына да үлкен көңіл бөлініп жатыр. Әрине, мектеп ұлттық тәрбиемен айналысу керек. Әсіресе қазіргі үлкен ұжымдық оркестрлер ашылған тұста, өзіміздің қанмен келген төл аспабымыз домбырамызды әрі қарай дамытуымыз керек.

– Материалдық базаға тоқталсаңыз... Қосымша жанадан ашылған өнер сыныбы бар ма?

– Қазір материалдық базамыз жақсарып келе жатыр. Облыстық білім басқармасы мен облыстық әкімшілік басшыларының қолдауымен заманауи үлгідегі аспаптар алдық. Мысалы, цифрлы фортепиано, баян мен интерактивті такта алынды. Сондай-ақ интернет желісін барлық сыныпқа орнаттық. Қосымша бізде компьютерлік сынып ашылды. Бір сыныпқа 12 компьютер берілді. Осылайша «компьютерлік кескіндеу» деген сабақ қостық. Онда балалар сызу мен суретті осы графика арқылы жасайды. Оған арнайы мұғалімде алынды. Одан бөлек осы мектептің базасында қалаға қарасты елді мекендердегі мектептің ішінен бір-екі сыныптан филиал ашу жөнінде ұсыныс бердім.

– Өнер ордасының 75 жыл тарихы бар екен. Ғимараттыңыз да көне екен, тың ескі емес пе?

– Бұл алғаш 1936 жылы мектеп болып салынған. Кейін 1948 жылы «Өнер мектебі» болып құрылды. Содан бері 75 жыл бойы балалардың шығармашылық өнерін дамытып, шыңдап келеміз. Жалпы ғимарат ескі болса да оны сол қалпында ұстап тұруға бюджеттен қаражат бөлінеді. Жылда жөндеу жұмыстарын жүргіземіз. Бұл ғимаратқа қызығатыным қабырғалары өте қалың. Жазда салқын, қыста жылы.

– Өнер мектебіне балалардың әкелген ата-анаға қандай кеңес бересіз?..

– Көбіне ата-аналар бірінші сыныпқа барған баласын, қосымша үйірмелерге береді. Алайда баланың физиологиялық тұрғыда қалыптасуы керек. Мәселен, домбыраны үйренуге келген баланың саусағы пернеге жетіп, орындыққа отырғанда аяғы жерге тиюі керек. Кейбір балалардың аяғы орындықта отырғанда жерге жетпей, саусағы пернеге жетпей жатады. Осындайда ата-ана домбыраны кішірейтіп жасауға болады ғой дейді. Бірақ олай болмайды ғой.

Қазіргі алға озып бара жатқан заманда балалардың интернет желісі арқылы алар ақпарат көп. Сосын бастауыштың да бағдарламалары күрделі, бұрынғыдай емес. Сондықтан бала мектептің бастауышымен шектелуі керек. Өйткені бала өзі оқып, жазып үйренуі керек. Егер бала мектеп пен үйірме арасында жүрсе, екі жақтағы сабағы да дұрыс болмайды. Себебі бізде әліппе үйреткендей нота үйретеміз. Әр сабақ жеке өтетіндіктен, әр балаға өзіне сай бағдарламалар жасқаталады. Яғни өнердің де өзінің әліппесі бар. Жалпы баланың саусағы пернеге жетпейтін болса, онда қолы қисая бастайды, отырысы да дұрыс болмайды. Ата-аналарға балалардың алдымен бастауышты оқып, өзі алып кететін жағдайға жеткеннен кейін өнерге келуін сұраймын.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Әңгімелескен Нәзира МҰҚАТАЕВА



Қазақ халқының төл өнері жайлы сөз қозғағанда ең алдымен домбыра еске түседі. Домбыра – қазақ халқының асыл қазынасы.

Қос-ішекті қара домбыраның үнінде ұлы даланың тамыры терең тарихты мен сан ғасырлық шежіресі бар.

Қазақ ежелден қуаныш пен қайғыны, жақсылық пен жамандықты қара домбыраның үнімен жеткізген. Домбыра атауының шығу тегіне қатысты талас-тартыс көп. Академик Ахмет Жұбановтың айтуынша, домбыра сөзі «қозы құйрық» сөзімен байланысты шыққан. Белгілі зерттеуші Хайролла Жүзбасовтың пікірінше, домбыра сөзі дөп бұра, дәл бұра, дем бұра деген сөздердің тізбегінен жасалған. Алғаш домбыраның шыққан жері түркі халықтарының алтын бесігі Алтай тауы болып саналады. Алматы облысында «Майтөбе» жайлауынан жоғары тау шатқалындағы көптеген суреттің арасынан тастан қашалған көне домбыраның суреті табылған. Бұл тастағы суретті 1986 жылы белгілі этнограф Жағда Бабабайұлы тауыпты.

Домбыра әр өңірде жергілікті халықтың тұрмысына, салт дәстүріне, ән-жыр, күй мектебі мен өнерпаздардың орындаушылық мәнеріне, шеберлердің ісмерлігіне байланысты әртүрлі пішінде дамып, өзгеріп отырған. Қазіргі кезде домбыраның 20-дан астам түрі бар. Домбыра дыбыс өткізгіштігі жоғары қарағай, дыбыс жаңғырту қасиеті бар тұт, үйенкі, емен секілді киелі ағаштардан құралып немесе ойылып жасалса, бітеу домбыра тұтас ағаштан ойылады.

Домбыра құрылысы бірнеше бөліктен тұрады. Басы, құлағы, пернелер, мойын, ішек, шанақ, қақпақ және ілгек. Қақпақ бетқақпақ деп те аталады.

Сондай ақ оның көптеген қосымша бөлшегі бар, тиек, кемер ағаш, тұжым ағаш, бастырма, ойық, қалқа, тұйме, өрнек, желкелік. Домбыра тиегі үш түрлі болады: шайтан тиек, негізгі тиек, табалдырық тиек.

Домбыраның жоғарғы тиегінің қалай пайда болғаны жайлы дерек: Жаумен шайқасып, алыс сапар шегіп әбден қалжырап келе жатқан батыр жолда демалуға аялдайды. Сайдың ішіндегі саялы жерге жайғасады. Талдың бір шыбығын сындырып, оған жылқы қылын керіп байлап, дыбыс шығармақ болады. Бірақ ешқандай үн шықпайды. Батыр оны қасына тастай салады да, өзі ұйықтап кетеді. Бір кезде жанынан шығып жатқан дыбыстан оянады. Қараса, маңағы өзі жасаған аспаптың мойын тұсына әлдекім тигітпей ағаш тиек орнатып қойған. Батыр «е, бұл сайтанның ісі болды ғой» деп ойлайды. Бәлкім, содан болса керек, халық арасында домбыраның жоғарғы тиегін «шайтан тиек» деп атайды.

Домбыраның шығу тарихы туралы тағы бір аңыз елдің шығыс өңірінде тараған. Ерте заманда тауқұдірет деген құс болған екен. Домбырада жалғыз ғана ішек, тауқұдіретте жалғыз ғана қанат болыпты. Тауқұдіреттің жалғыз қанаты еркегінің оң жағына бітелі екен. Домбыраны жасаған шебер жалғыз ішекпен кесіліп күй тарта алмайды. Ал жалғыз қанатты тауқұдірет қалықтап ұша алмайды. Домбырашы не істерін білмей іштен тынады. Тауқұдірет болса күндіз-түні Төңгіре жалбарынып, қос қанат беруін сұрайды. «Бүйтіп зарлап жүре бергенше, талпынып тірілік етіп көріңдер» деп Төңір ой салады. Содан атылық тауқұдірет пен аналық тауқұдірет жұптасып ұшуды ойлайды. Бірінде

Қазақстанда 2018 жылдың ішіндегі бері ұлттық домбыра күні тойланады.

Мереке жыл сайын шілденің алғашқы кексенбісінде аталып өтіледі. Бұл күні көшпектілер күйден шашу шашылып, ән шықпалады.

Домбыраға деген қызығушылық әрі музыкалық аспаптың танымалдылығы ешқашан да тоқтаған емес. Бүгінде домбыраның қалыңда ойнайтын жастар көп. Бұл – қуантарлық жайт. Бұл дәстүрді сақтап, оны келесі ұрпаққа аманат етіп тапсыру өз қолымызда.

Нұрғұл ШОРАБАЕВА

М.Қалауов атындағы Қызылорда қалалық өнер мектебінің домбыра класының мұғалімі

Оқушы кезінен бейнелеу өнеріне қызығып, табиғатына жақын екенін білген Замзия Жағыпарова – арманына қол жеткізген маман.

Арманына қол жеткізген маман



сурет өнерін алып кетуге мүмкіндігі бар екенін айтты.

Кейіпкеріміз оқушыларын халықаралық, республикалық, облыстық және қалалық байқауларға қатыстырып, жүлделі орындарға ие болып жүргенін айтты.

– Оқушыларымыздың ішінде ерекше талантымен көзге түскен шәкірттерім бар. Олардың қатарында Медина Нұрлан 4-ші сынып оқушысы мен 2-ші сынып оқушысы Тоғжан Рабатова бар. Басқа шәкірттерім де осал емес. Бұл екеуі өздерінің жеке көрмесін жасады. Әр оқушы өзінің графика, пейзаж, натюрморт, композиция, портрет және тағы да басқа түрлі жанрдағы 40-тан астам суреттерін қойды, – дейді Замзия бізбен әңгімесінде.

Жас мұғалімнің білім беру-дегі басты мақсаты талантты шәкірт дайындап, еліміздің өсіп өркендеуіне үлес қосатын саналы ұрпақ тәрбиелеу екенін жеткізді.

НАЛТЫН

ШӘКІРТ ЖҮРЕГІНЕ ЖОЛ ТАПҚАН

Көркемсурет өнері бұл адамның ішкі ойын, жан толғанысын, қиялы мен арманын бейнелейді. Сурет салу ол адамның туа бітті қабілеті арқылы білінеді. Мұғалім ғана баланың қабілетін, оның әр жанрда түрлі сурет салуды алып келе алатынын байқай алады. Тіпті сурет арқылы мамандар көркем сурет баланың психологиялық тұрғыдағы ойын да біледі. Осыны әрі қарай дамытып, өнерін шыңдау үшін, арнайы көркемсурет салуды үйрететін мұғалімдерге жүгінеді. Осындай балаларды өнерге баулып, олардың жетістікке жетуіне аянбай еңбек етіп келе жатқан мұғалім – Эльза Смағұлова. Ол Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 2007-2011 жылдар аралығында «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығы бойынша тәмамдаған.

2014 жылы М.Қалауов атындағы Қызылорда қалалық өнер мектебіндегі көркемсурет сыныбының мұғалімі болып жұмысқа орналасқан. – Қазақ бейнелеу өнері – ол көркем кескіндеме, мүсіндеме, графика мен сән және қолданбалы өнер салаларын қамтиды. Осы салаларды үйрету үшін, оқушыларға 4 жыл бойы арнайы қосымша білім беруге арналған бағдарлама бойынша сабақ

беремін. Оқушыларымды облыстық, республикалық және халықаралық байқауларға қатыстырамын. Онда өздерінің салған көркем суретін және қол өнерін көрмеге апарайды.

Одан бөлек пленэр әдістері сабақтар жүргізіледі. Бұл – табиғат аясындағы



сурет салу сабағы. Осындай сабақтардың арқасында балалардың ойын, жандулысы мен арманын білуге болады. Себебі олар сурет салу арқылы өміріндегі өзгерістер мен жан толғанысын, қиялын бейнелейді, – дейді Эльза Смағұлова.

Сондай-ақ оқушыларының былтырғы оқу жылында түрлі байқаулар

нәтижесінде облыстық байқаулардан 7 оқушы, республикалық байқаулардан 66 оқушы, халықаралық байқаулардан 46 оқушысының жоғары дәрежелі дипломдармен марапатталғанын жеткізді. Сонымен қатар тобындағы оқушылардың өнері мен еңбегін атады.

– Оқушылардың ішінде үздік деп танылған 2 оқушының жұмыстарынан жеке көрмелері жасалды. Оның бірі – Арайлым Нұрмахаш, көркемсурет сыныбының 4-ші сынып оқушысы. Өте талантты, барлық жанр бойынша жұмыс істей алады, алға қойған мақсат армандары көп. Одан кейін Диляра

Шыңғысхан есімді оқушы. Ол 3-ші сынып оқушысы. Алғашында оқуға түскенде сурет салудың қыр-сырын білмейтін. Себебі мүлдем бояумен салып көрмеген екен. Кейін осы өнер мектебіне келген соң сабаққа ден қойып, сурет салуға деген қызығушылығы арта бастады. Оның қиялы ұшқыр. Өзінің еңбекқорлығымен, талпынысымен екі жылдың ішінде түрлі жанрдағы суреттерді сала бастады. Соның нәтижесінде көрмелер мен байқауға қатысып, жетістіктерге жетуде.

Қазіргі таңда осы екі оқушының жұмыстары бойынша кескіндеме мен портрет және графика жанрында салынған 100-ге жуық суреті іріктеліп, олардың жеке көрмесі ұйымдастырылды. Өткізілген көрме жоғары деңгейде болды. Көрмені тамашалауға мектебіміздің барлық мұғалімі мен ата-аналар және басқа да оқушылар қатысып, жақсы пікірлерімен бөлісті, – дейді мұғалім.

Еңбек жолын осы осы өнер мектебінен бастаған Эльза 9 жылдың ішінде балаларға білім беріп ғана қоймай, олардың өнерін шыңдап, алға жетелеп байқауларға қатыстырып келеді. Әр оқушының жеткен жетістігіне қуанған мұғалім, берген білімнің міндеті деп емес, мақсаты екенін жеткізді.

Н.СЕРІКБАЙ

Жазушылар одағының іргетасы Қызылордада қаланған

Жаңа ұйымға республикадағы әдебиет күшін біріктіру және пролетариат жазушыларын бүкіл Қазақстанның бірінші конференциясына әзірлеу міндеттелді. Осылайша, 1925 жылы қауымдастықтың алғашқы төрағасы болып жазушы Сәкен Сейфуллин бекітілді.

Араға жеті жыл салып 1932 жылы Орталық комитеттің әдеби көркем ұйымдарды қайта құру туралы қаулысы негізінде Қазақстан өлкелік партия комитетінің секретариаты мамыр айында қарар қабылдады. Осы қарар қабылданғаннан кейін алғаш рет Қазақстан Жазушылар одағы құрылды.

Ұйымдастыру бюросының төрағалығына қарымды қаламгер Лияс Жансүгіров тағайындалды. Қазақстан кеңес жазушыларының бірінші съезі 1934 жылдың 12-18 маусымы аралығында өтті. Қазақстан Жазушылар одағына 1925 жылы 10 адам мүшелікке өтті. Ал 1935 жылы одақтың төрағалығына әдебиет сыншысы, қоғам қайраткері Ғаббас Тоғжанов тағайындалды. Араға 1 жыл салып одаққа жазушы, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі Сәбит Мұқанов төрағалық етеді.

1935 жылы КСРО әдеби қорының қазақ бөлімшесі құрылып, Қазақстан Жазушылар одағын мемлекет тарапынан қаржыландыру туралы шешім қабылданды. Алғашында идеологиялық қару ретінде құрылғанымен, Сәкен, Лияс, Бейімбет бастаған жазушылар ұйымы жұмысын ұлт әдебиетіне, тұтас халықтың мүддесіне қарай бағыттады.

Қиын кезеңде құрылған Қазақстан Жазушылар одағының үлкен міндеті – Абай поэзиясынан бастау алған жазба әдебиеттің бай мұрасын жинау мен саралау, дамыту мен қорғау және оны халық арасында кеңінен насихаттау болды.

Г.АСҚАРҚЫЗЫ

Басы 1-бетте

Сырбойлық жастар үшін көптен күткен жоба жүзеге асырылмақ. Бұған дейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аймақ жастарын баспанамен қамту мақсатында «Сыр жастары» жастарға арналған ипотекалық несие беру бағдарламасы іске қосылатынын айтқан. Аталған бағдарлама бойынша биыл облыстың 85 жылдық мерейтойы қарсаңында құжаттар қабылданбақ.

БАСПАНА БАҒЫТЫНДАҒЫ «СЫР ЖАСТАРЫ» БАҒДАРЛАМАСЫ БАСТАЛДЫ



Аталған бағдарлама 35 жасқа дейінгі азаматтарға арналған. Баспана алушыларға 19 жылға 5 проценттік мөлшерлемен несие беріледі. Ал үй алу үшін қажетті бастапқы жарна 10 процентті құрайды.

– Қызылорда облысының 85 жылдық мерейтойы аясында аймақ басшысының тікелей қолдауымен көптен бері баспаналы болуды мақсат етіп жүрген және баспана кезегіне тұра алмаған жастар үшін «Сыр жастары» жеңілдетілген ипотекалық бағдарламасы басталды. «Сыр жастары» бағдарламасының басты талаптары – ҚР азаматтығының болуы, қатысушының жасы 35 жастан аспауы, соңғы 2 жылда Қызылорда облысында тұрақты тіркеуде тұруы және кемінде бір жыл жұмыспен қам-

тылған болуы шарт. Бағдарлама аясында табысталатын үй қаланың сол жағалауында орналасқан, жалпы көлемі 66 шаршы метрден кем емес 3 бөлмелі пәтер болады деп күтілуде. Бұл бағдарлама Сыр жастарының үйлі болуы үшін үлкен мүмкіндік, – дейді облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Артур Қамбаров.

Аталған бағдарлама бойынша денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт, ЖОО және ҒЗИ, журналистер, әлеуметтік, бюджеттік сала қызметкерлері, ұлттық холдингтер мен компаниялардың жергілікті филиалдары, екінші деңгейлі банк, құрылыс, қоғамдық тамақтану және қызмет көрсету саласының мамандары баспаналы бола алады. Оларға қойылатын басты талаптың бірі – кемінде 6 ай жұмыс өтілінің болуы.

Ипотекалық баспана беруді жүзеге асырушы «Отбасы банк» АҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының басшысы Әділжан Саулебаев «Сыр жастары» бағдарламасына қатысу үшін бірнеше құжаттың тізімі бекітілгенін айтады.

– «Сыр жастары» бағдарламасына қатысуға белгіленген нысан бойынша жас-

тарға жеңілдікпен несие беруге арналған электронды өтініш, білімі туралы құжаттың, жұмыс өтілі көрсетілген анықтаманың, ҚР Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес еңбек өтілін растайтын құжаттардың сканерленген түрі талап етіледі. Үміткерлерді іріктеу кезектілікке сәйкес санаттар бойынша тізімге енгізу жинаған балл санымен айқындалады. Санат бойынша ең көп балл жинаған қатысушыға уәкілетті орган электронды түрде жоллама жібереді. Жолдаманы алған жастар әрі қарай «Отбасы банкінде» төлем кабiлетiлiгiн растайды. Содан кейін келісім шарт рәсімделіп, үй табысталатын болады, – дейді филиал басшысы.

Бағдарламаның іске қосылуы сыр жастары үшін қуанышты жаңалық болғаны анық. Қай кезде де баспана жайы – қоғамның өзекті мәселесі. Енді жеңілдетілген несиемен өз баспанана қол жеткізу түрлі салада еңбек етіп жүрген жастарға мүмкін болмақ.

– Жастарды баспанамен қамтамасыз етуде мұндай жобалардың іске асуы қуантады. Бұған дейін үлкен қалаларда осындай бағдарлама барын естіп, бізге де осындай мүмкіндік берілсе деп ойлайтынмын. Енді «Сыр жастары» бағдарламасы арқылы ойда жүрген мақсатыма қол жеткізем деймін. Қазір тиісті құжаттарды реттеп, бағдарламаға өтініш беруді көздеп отырмын. Сәтін салса баспаналы болармын, – дейді білім саласының маманы Гүлжан Садуақасова.

Мамандар «Сыр жастары» бағдарламасына өтініш пен құжаттарды тапсыру үшін «Азаматтарға арналған Үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ арқылы электронды түрде kezekte.kz сайтына тіркелуі шарт. Мұнан соң рәсім «Жұмыс істейтін жастарға арналған» «SyrJasty» жеңілдетілген ипотекалық несие беру» сервисінде жүзеге асырылады. Ал бағдарламаға өтініш беруге 15 күн қаралған. Яғни науқан 26 қазанға дейін жалғасады.

Аймақта алғаш рет қолға алынған бағдарлама Сыр жастарын баспанамен қамтамасыз етуде сәтті жоба боларына сенеміз.

А.ӘЛІМ

Салық төлеуден жалтарғандар жауапқа тартылады

Қала әкімдігінің баспасөз орталығында Мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Фердоуси Қожабергенов биыл 9 айда атқарылған жұмыстар туралы баяндады.

Басқарма басшысының айтуынша, соңғы тоғыз айдағы мемлекеттік бюджеттік салықтық түсімдері 67 миллиард 971 миллион теңгені құраған. Оның 52 миллиардтан астамы республикалық бюджет кірісі саналады. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 5 миллион теңгеден астам қаржыға артық орындалған. Ал жергілікті бюджеттік түсімі 14 млрд 924,9 млн теңгені құрап, былтырғы есепті кезеңімен салыстырғанда түсім 6 млрд 550,5 млн теңгеге артқан. Жалпы биыл 1 қазанға дейінгі аралықта 38 мыңнан астам салық төлеуші тіркелген. Оның 30 мыңнан астамы жеке кәсіпкер болса, 8 мыңға жуығы заңды тұлға.

Қазір тұрғындар арасында салықтық берешек көлемі 2 989 миллион теңгені құраған. Берешек деңгейі былтырға қарағанда 33 процентке төмендеген. Оның ішінде салық берешегін инкассалық өкім арқылы өндіріп алу шарасы бойынша 104,5 миллион теңге, дебиторлар есебінен

өндіру шарасы бойынша 102,5 млн теңге, борышкерлердің мүліктерін сату есебінен бюджетке 28,5 млн теңге, салық базасын ұлғайту арқылы жергілікті бюджетке қосымша 345 млн 41 мың теңге өндірілген. Осы орайда салық берешегі тұрғындардың мүлік, жер, қолқ салығын төлемеуден қалыптасып отырғандығын жеткізді. Бұл жағдайда салық төлеуден жалтарғандарға тиісті шара қолданылатынын да атап өтті.

Сала басшысы сонымен бірге Президент тапсырмасына сәйкес бөлшек салықты, сондай-ақ үдемелі салық салуды енгізу, құн салығын қайтару тәртібін жеңілдету, салықтық бақылау ісін толық цифрландыру, есептілік формаларын 30 пайызға, салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің санын кемінде 20 пайызға азайту сияқты бизнеске оң әсер ететін жағдай жасауда жаңа салық Кодексі әзірленіп жатқандығын жеткізді.

Брифинг барысында басқарма басшысы жалпыға бірдей декларация жайын да түсіндіріп өтті. Быыл барлық бюджеттік қызметкер мен олардың жұбайларына аталған декларацияны тапсыру міндеттеліп, оны тапсыру қағаз түрінде 15 шілдеге, электронды түрде 15 қыркүйекке дейін белгіленген. Бүгінде аталған декларацияны тапсырмаған қызметкерлер мен олардың жұбайларына ескерту хабарламасы жіберілген. Дегенмен бұған салғырттық танытудың соңы айыппұл төлеуге әкеледі.

Сала басшысы бұдан бөлек декреттік төлем алу үшін жеке кәсіпкер ретінде тіркелген азаматшалардың барын айтты. Олардың жеке кәсіпкер ретінде тіркелгендіктен салық төлеуге міндеттелетінін, декларация тапсырғанда оның кедергі болуы мүмкін екендігін жеткізді. Мұндай жағдайда сауатты болу керектігін ескертті.

А.САЙДУЛЛА

Мүмкіндігі шектеулі жандардың арасында спартакиада өтті

Жуырда Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы бойынша, «Мүгедектігі бар адамдар күніне» орай облыстық спартакиаа ұйымдастырылды. Шара Талсуат елді мекеніндегі «Мүгедектерге арналған оңалту орталығында» өтті.

Мерекелік шарада Қызылорда облыстық мүгедектер қоғамының төрағасы Сағатбек Синоов сөз сөйледі.

– Спартакиада барысында спартакиадаға қатысушылардың денсаулығында ақау болғанына қарамастан, спорттық сынақтар мен дерттерін жеңіп, олар үшін мүмкін емес ештеңе жоқ екенін дәлелдеп, нағыз күрескер екенін көрсетті, – деді ол.

Іс-шараның басты мақсаты – мүмкіндігі шектеулі адамдарға әлеуметтік көмек көрсетумен бөлек, оларды түрлі шараларға қатыстыру. Мәселен, қоғамдық ортаға бейімдеу, белсенділіктерін арттыру, спорттық пен мәдени және қоғамдық іс-шараларға қатыстыру. Жалпы мемлекеттік саясаттың басты бағыты мен міндетінің бірі мүмкіндігі шектеулі адамдарды әлеуметтік қолдау және

олардың өмір сүру сапасын арттыру болып табылады.

Аталған шараға 70-тен аса мүмкіндігі шектеулі жан қатысты. Олар спорттың дартс пен допты нысанаға салу және шеңберді нысанаға салудан сайысқа түсті.

Жеңімпаздарға арнайы диплом мен бағалы сыйлықтар табысталды.

НАЛТЫН



«ХАМАС»: Таяу Шығыстағы тартыс

«ХАМАС» қайдан шықты?

Соғыс біткесін араб әскері елдеріне оралды. Ал Палестинаның миллиондаған қорғаныссыз халқы қуықтай аймаққа тығылуда мәжбүр болып, өркеніетпен байланысы нашарлады. Бір қапталы теңіз, екінші жағы жау. Әлеуметтік көмек жетпей, инфрақұрылым игілігін аз көрген. «Қырсық бір айналдырса, шыр айналдырады» деген, содан бері Газа секторында түрлі ауру асқынп, радикалды ислам топтары шоғыры көбейгенін көреміз. Тіпті алғашында қарулас болған Египеттің өзі шекара жауып, бетоннан қорған өрсе, араб елдері гуманитарлық көмектен бас тартты. Қызығы сол, бүгінге дейін палестиналықтардың ата жауына айналған Израиль Газа секторын су мен газ, электр жарығымен қамтамасыз етіп отырған санаулы елдің біріне айналды.

Осы орайда маңызды тұжырым шығады. Израильмен нешеме соғысып жүрген Палестина жұрты емес, сол маңдағы дербес ұйымдар мен содырлар тобы. Қарапайым халық Израильден сәскенеді әрі түбі бұл жанжалдың жақсылық әкелмейтінін сезіп-ақ жүр. Алайда сыртқы саяси мүдде ол ойды ескеріп жатқаны шамалы.

Сыртқы саяси ықпалдың бір нәтижесі – «ХАМАС» ұйымы. Өткен аптада Израильді зымыранмен атқылап, шекарадағы елді мекендерге шабуыл жасап, адамдарды кепілдікке алған да солар. Мекені Газа секторында болғанымен қаржысы, содырлар құрамы, әскери тактикасы толық сыртқа тәуелді. Өткен ғасырда құрылған ұйым палестиналықтарды қарсы соғысқа үндеп, ауық-ауық Израиль шетіне шабуылын тоқтатқан емес. Қарсы тарап содырлармен жүрестің сан түрін қолданып баққанымен нәтиже аз. Себебі Газа секторына дендей ену қиын әрі баскесерлер халық арасына жасырынудың түрлі жолын тапқан көрінеді.

Сондықтан Израиль қарымта жауап кезінде болмаса, бейбіт күнде арнайы операция жүргізуге құлықсыз. Оған қоса шекарадағы әскерін де азайтып, тек жоғары технологиялы қауіпсіздік құралдары арқылы бақылауға көшкен. 7 қазанда он мыңдаған содырдың кедергісіз шекара асуына Израильдің технологияға сенген бейғамдығы себеп деген болжам бар.

Даудың басы – әл-Ақса мешіті

Жыл басталғалы мұсылмандардың киелі мешіті саналатын әл-Ақсада Израиль әскері мен құлшылыққа келгендер арасында жанжал арылмады. Кешегі апта содырлардың шекара асып қан төгуіне түрткі болған да осы оқиға-тұғын. Израиль тарапы азаматтар арасында радикалды ағым өкілдері бар деген желеумен мешітке бірнеше мәрте шабуыл жасап, жиылған топты күшпен таратты. Сол сәтте алғашқылардың бірі болып хабар таратқан CNN арнасының тілшілері Әбір Салман, Мұхаммед Тауфих, Дженифер Хаузер даудың ушығатынын ескерткен-тің. Тіпті діни топтарды қудалау ғаламдық сипат алғанын айта келе ҚХР-дың Шыңжаңдағы азшылық ұлтты «қайта тәрбиелеу» практикасына ұқсайтынын жасырмаған болатын. Сәуірдегі хабардан мысал келтірейік.

«Жақында әлеуметтік желіде бейнежазба тарады. Оған сенсек, Израиль офицерлері мешіттегі адамдарды сабап, құрықтауға кіріскен. Израиль әл-Ақсаны палестиналықтарға бергісі жоқ. Бұл қадам мұсылман елдері мен халқын қарсы тұруға итермелеуі мүмкін», – деген еді. Айтқаны келіп, қанды оқиға болды.

Қазіргі ахуал

Қақтығыс болғалы әлемдік БАҚ ақпар таратуға асықты. Қаза болғандар мен жараланғандар санын айтып, кепілге алынған азаматтарды босату операциясын талқылаған. Әсіресе АҚШ-тың Израильге жасаған әскери көмегі де назардан тыс қалмапты. The Wall Street Journal басшылығының сейсенбілік санында тілшілері Рори Джонс пен Дион Ниссенбаум арнайы мақала әзірледі. «Израиль қателігі» деп аталатын мақалада басымдық АҚШ көмегі тақырыбына берілді:

«Содырлар қолынан 2 мыңға жуық адам қаза болса, Палестинада мыңға тарта адам көз жұмды. Жағдайды бақылауға алу үшін Израильге АҚШ көмегі жетті. Ядролық қару, оқдәрі, медициналық құрал қатары толықты. Қазіргі таңда «ХАМАС»-қа тойтарыс беруге толық дайын», – дейді авторлар.

Р.С. Бүгінде Қазақстанның Израильдегі елшілігінің консулдық есебінде 77 адам бар. Қазақстандық 5 студент Израиль университеттерінде білім алып жатыр. Ал 112 адам тағылымдамадан өтуде.

P.S.S. Оқиғадан соң Еуроодақ «ХАМАС» қозғалысын лаңкестік ұйым деп таныды. Алайда Қазақстан әлі ресми ұстанымын білдірген жоқ.

Шолу жасаған Еркін ШАМШАДИН

Басы 1-бетте

Меншік несі:



Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)

Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)

Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-1.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтініді, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйін» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3109 Тапсырыс №1627

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА